



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

2024-2025 жылдары шығарылатын коллекциялық монеталардың тақырыбы туралы

Астана қ.

2023 жыл, 26 қазан

Қазақстан Ұлттық Банкі (бұдан әрі – ҚҰБ) 2024-2025 жылдары шығарылатын ұлттық валютаның коллекциялық монеталары тақырыбын бекітті.

Алдағы екі жылда ҚҰБ «Көшпенділердің ғибадат жануарлары – тотемдері», «Ұлы қолбасшылар», «Жаратылыс сырлары», «Қазақстанның әдет-ғұрыптары, ұлттық ойындары», «Қазақстанның флорасы мен фаунасы» және «Сиқырлы нышандар» серияларын жалғастырады.

Сонымен қатар, ҚҰБ шығаратын коллекциялық монеталардың тақырыбына мынадай жаңа сериялар да енгізілді:

- «Қазақстанның жер қойнауы» (Д. Менделеев кестесінен алынған металл қондырғылары бар монеталар дайындау);

- «Қазақстанның футбол клубтары» (ҚР премьер-лигасындағы футбол клубтарының логотиптерімен бір мезгілде 14 монета шығару);

- «Қазақстанның інжу-маржандары» (осы сериядағы алғашқы монета «Шымбұлақ» тау шаңғысы курортының 70 жылдығына арналады);

- «Көшпенділердің аңыздары мен мифтері» (серия ежелгі көшпенділердің мифологиясы мен дәстүріне арналған).

2024-2025 жылдары шығарылатын монеталардың толық жоспары ҚҰБ [сайтында](#) жарияланды.

Тақырыптың негізгі мақсаты – түрлі бағыт (тарихи оқиғалар, ұлттық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар, Қазақстанның бірегей табиғаты, маңызды мерейтойлық даталар) бойынша монеталар шығару арқылы мәдени құндылықтарды қолдау.

Қазақстанның барлық монетасы туралы ақпарат [PlayMarket](#) және [AppStore](#) дүкендерінде тегін жүктеп алуға болатын ҚҰБ мобильді қосымшасында қолжетімді екенін естеріңізге саламыз.



Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы ала алады:

+7 (7172) 77 52 10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz